

## Список литературы:

1. Гражданский кодекс Республики Казахстан (общая часть), с изменениями и дополнениями по состоянию на 26.07.2016 г., // Ведомости Парламента РК, 2016 год, июль, № 12 (2709), ст. 87.
2. Закон Республики Казахстан от 1 марта 2011 года № 413-IV «О государственном имуществе» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 09.04.2016 г.). // «Казахстанская правда» от 20 апреля 2016 г. № 74 (28200).
3. Закон Республики Казахстан от 16 января 2001 года № 142-III «О некоммерческих организациях» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 08.04.2016 г.). // «Казахстанская правда» от 9 апреля 2016 г. № 67 (28193).
4. Урumbaева А.. Государственное предприятие на праве хозяйственного ведения как коммерческая организация. // «Юрист» - 2013. - № 8. Информационно-правовая система «Параграф».
5. Постановление Правительства Республики Казахстан от 9 августа 2011 года № 919 Об утверждении Типового устава (положения) государственного учреждения, за исключением государственного учреждения, являющегося государственным органом, и Типового устава государственного предприятия. //: «Казахстанская правда» от 8 ноября 2011 г. № 355-356 (26746-26747)
6. Кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 года № 375-V «Предпринимательский кодекс Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 26.07.2016 г.). // ИС «Эталонный контрольный банк НПА РК в электронном виде» 19 августа 2016 г.

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БИЗНЕС – ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

*Асетова Г.Б., заң факультетінің докторанты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Дүние жүзілік қақтығыстардан кейін адамдардың құқықтарын қалыптастыру және реттеу барлық әлемдік қауымдастықтың мәселесіне айналды. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен қамтамасыз ету демократиялық қоғам мен мемлекеттің жоғары құндылығы болып табылды. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын атқарушылық билік органдарының қызметіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын органдар жүйесінің ішінде маңызды орынға омбудсмен институты ие. Аталмыш институттың басым бағыты адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау құралы ретінде қалыптасу.

Бизнес – обудсмен (Қазақстан кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл) институтының мәнін ашпас бұрын, жалпы омбудсмен институтының пайда болу және қалыптасу ерекшеліктеріне тоқталып өткенді жөн көрдік.

Жалпы омбудсмен институты Еуропаның, Американың, Азияның, Африканың бірқатар елдеріне әрекет етеді. Әлемдік тәжірибеге сүйенер болсақ бұл институттың жоғары тиімділігін көрсетеді. Алғашқы рет парламенттік уәкіл лауазымы 1809 жылы Швецияда пайда болды, және де содан бері әлемнің көптеген елдерінде кең етек жая бастады. Швеция, Финляндия (1919 ж.), Норвегия (1952 ж.), Дания (1953 ж.) елдерінде адам құқықтары бойынша уәкілді парламенттік омбудсман деп атайды, Ұлыбританияда (1967 ж.) - парламенттік комиссар, Кипрде (1991 ж.) – әкімшілік мәселелері бойынша комиссар, Нидерланды (1983 ж.) – ұлттық омбудсмен, Грецияда (1969 ж.) – азаматтардың қорғаушысы, Австрияда - халықтық құқық қорғаушы, Испанияда (1978 ж.) – халық қорғаушысы, Македонияда (1991 ж.) – ұлттық құқық қорғаушысы, Молдавияда (1997 ж.) – парламенттік адвокат, Польшада (1987 ж.) – азаматтардың құқықтары бойынша өкіл, Францияда (1973 ж.) – Франция Республикасының делдалы, Португалияда (1976 ж.) – әділ сот істері бойынша уәкіл деп аталады [1, 90]. Жоғарыда көргеніміздей аталмыш институт әр елде әр түрлі аталғанымен, мәні бірдей, яғни басты мақсаты мемлекеттегі шенеуніктер тарапынан билікті асыра пайдаланудан адамдардың құқықтарын қорғау болып табылады.

Адамның құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын, атқарушы билік органдарының қызметіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын органдар жүйесінің ішінде, маңызды орынға омбудсмен институты ие. Институттың басты ұстанымы, оның қызметтік бағыты адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау құралы ретінде түсу болып табылады.

«Омбудсмен» деген шведтік сөз басқа тұлғалардың агенті, адвокаты, өкілі деген тұлғаны білдірді. Біреулері аталмыш термин неміс сөзінен, ал екіншілері исландік түп тамыры бар деген

ойлар айтады. Теориялық тұрғыдан «омбудсмен» термині жинақтаушы, тектік түсінікті білдіреді, яғни азаматтардың құқықтарын қорғау бойынша арнайы қызметтің кейіпін білдіреді [2, 105].

Заңгерлердің Халықаралық Ассоциациясы омбудсмен институтына келесі анықтаманы қабылдады: «Конституциямен немесе заңшығарушы биліктің актісімен қарастырылған және жоғары шендегі, заңшығару биліктің алдында ғана есеп беретін, тәуелсіз жария лауазымды тұлғамен басқарылатын қызмет, ол мемлекеттік органдардан, қызметшілерден және жалдаушылардан жәбір көрген тұлғалардан арыздар қабылдайды немесе өз қалауы бойынша әрекет етеді, және тергеу жүргізуге құзырлы, түзетуші әрекеттер жасауға ұсыныс береді және баяндама жасайды»[3, 41].

Омбудсман (швед тілінде ombudsman – басқаның мүддесін білдіруші) – әр түрлі әкімшілік органдармен, ал кейбір мемлекеттерде жеке тұлғалар мен бірлестіктермен адамның құқықтарын сақтауға бақылау жүргізетін арнайы сайланатын (тағайындалатын) лауазымды тұлға. Прокуратураға қарағанда омбудсманның ерекшелігі, ол бақылауды жүзеге асырғанда және тергеу жүргізгенде тек заңдылық тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар тиімділік, мақсаттылық, адамгершілік және әділдік тұрғысынан да жүзеге асырады [4, 481].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында аталмыш институт әрекет етуде. Сонымен қатар, омбудсмен институты әр түрлі салалар бойынша кең таралуда, мысалы, балалардың құқығы жөнінде, инвестициялар жөнінде жеке омбудсмендер, банктік, сақтандыру омбудсмендері, кейін келе бизнес-омбудсмен пайда болды.

Әлемдік тәжірибеге көз қырын салатын болсақ, ең жарқын мысал – АҚШ-тағы шағын және орта бизнес омбудсмен. Оның миссиясы – бизнес ортаны жақсарту, стартаптардағы тосқауылдарды төмендету және үкіметпен жұмыс жасау кезінде шығындарды төмендету. Оның баяндамасы тәуелсіз, ол шағын және орта бизнес әкімшілігіне тәуелсіз және тікелей Президентке бағынады. Бұл ең үздік мысал. Басқа елдерде шағын бизнес агенттігі бар.

Президенттік вертикальдің жаңа құрамдасы ретінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл лауазымының пайда болуын бизнесті мемлекеттік қолдау жүйесіндегі маңызды жағдайлардың қатарына нық сеніммен жатқызуға болады. Шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында кәсіпкерлердің жиі ұшырасатын бюрократиялық мәселелерін шешудегі тиімді құралы ретінде бизнес – омбудсмен институты көптеген шетелдік мемлекеттерде жақсы жағынан көрініс тауып отыр.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ұлт жоспарын – бес институционалды реформаларды іске асыру бойынша нақты 100 қадамды жариялағаны белгілі. Жоспардың бір бағыты - кәсіпкерлердің мүдделерін қорғау үшін бизнес-омбудсмен институтын нығайту. Жаңа институттың құрамына бизнес пен Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

2014 жылғы 27 ақпандағы «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығына сәйкес, Үкіметке Ұлттық кәсіпкерлер палатасының рөлін арттыруға, оның ішінде Бизнес-омбудсмен институтын енгізу арқылы күшейту қарастырылған заң жобасын әзірлеу туралы тапсырма берілді. Осы орайда 2014 жылдың 29 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» заңы Бизнес-омбудсменнің құқықтық мәртебесі, тағайындау тәртібі және міндеттері, сондай-ақ оның қызметін ұйымдастыру туралы нормалармен толықтырылды. Ал, 2015 жылы 29 қазандағы № 375 – V Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің қабылдануымен бизнес – омбудсменнің құқықтық мәртебесі түпкілікті анықталды. Бизнес-омбудсмен – Қазақстан үшін жаңа институт. Оның жоғары мәртебесі мен кең өкілеттілігі қазақстандық бизнестің жүйелілік мәселелерімен, шенеуніктердің өктемдігімен және заңнаманың олқы және жетілдірілмеген тұстарымен тиімді күресуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік органдарда кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне өкілдік ету, оларды қамтамасыз ету және қорғау мақсатында, сол сияқты кәсіпкерлік қоғамдастықтың мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің өкімімен лауазымға тағайындалатын адам Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл (бизнес – омбудсмен) болып табылады. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілге әрекет етуші заңнамада көзделмеген функцияларды жүктеуге ешкімнің құқығы жоқ. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің қызметіне қандай да бір заңсыз араласуға жол берілмейді. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси

партиялардағы және өзге де қоғамдық бірлестіктердегі өзінің мүшелігін тоқтата тұрады. Қазақстандық бизнес – омбудсмен саяси қызметпен айналысуға құқылы емес. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл қызметке кіріскеннен кейін белгіленген тәртіппен бір ай ішінде осы адамға заңды түрде тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүлдікті жалдауға берілген мүлдікті қоспағанда, өзінің меншігіндегі коммерциялық ұйымдардың үлестерін, акцияларын (акциясын), жарғылық капиталға қатысу үлестерін және пайдаланылуы кіріс алуға әкелетін өзге де мүлдікті өз лауазымын атқару уақытында сенімгерлік басқаруға беруге міндетті. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл өзіне тиесілі облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын сенімгерлік басқаруға бермеуіне болады, сондай-ақ сенімгерлік басқаруға берілген мүлдіктен кіріс алуға құқығы бар және тұрғын үйді мүлдіктік жалға беруге құқылы. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа, басқа ұйымдарда ақы төленетін лауазымдарды атқара алмайды [5].

Қазақстандық бизнес – омбудсмен өз қызметін заңдылыққа; кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүлделерін қорғау басымдығына; объективтілікке; жариялылыққа негіздей отырып жүзеге асырады.

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл (бизнес – омбудсмен) кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүлделеріне өкілдік ету, оларды қамтамасыз ету және қорғау, сол сияқты кәсіпкерлік қоғамдастықтың мүлделерін қорғау мақсатында келесідей қызметтерді жүзеге асырады: Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында және өзге де ұйымдарында, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда және шет мемлекеттерде кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүлделерін білдіреді, қамтамасыз етеді, қорғайды; кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштерін қарайды; мемлекеттік органдарға кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау жөніндегі ұсыныстар, сондай-ақ заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді тоқтата тұру жөніндегі ұсынымдар енгізеді; кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүлделерін әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) бұзған мемлекеттік органдарға (лауазымды адамдарға) бұзылған құқықтарды қалпына келтіру үшін шараларға, оның ішінде кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүлделерінің бұзылуына кінәлі тұлғаларды жауаптылыққа тартуға қатысты ұсынымдар жібереді; мемлекеттік органдардың пікірімен келіспеген жағдайда кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын одан әрі қалпына келтіру мақсатында прокуратура органдарына өтінішхат жібереді; кәсіпкерлер құқықтарының жүйелі түрде бұзылу фактілері туындаған және оларды мемлекеттік органдар деңгейінде шешу мүмкін болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына өтініш енгізеді; мемлекеттік, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, мемлекеттік органдардан (лауазымды адамдардан) кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін қозғайтын ақпаратты, құжаттарды және материалдарды сұратады; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа талап қоюмен (арызбен) жүгінеді; кәсіпкерлік субъектілерінің бұзылған құқықтары мен заңды мүлделерін қалпына келтіруге бағытталған өзге де заңды шараларды қолданады.

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл қызметті жүзеге асыру кезінде: Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға; кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүлделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қолдануға; өтініштерді қарау кезінде объективтілік және бейтараптық танытуға; өзін қорғау үшін жүгінген адамның құқықтарын жүзеге асыруға кедергі келтіретін қандай да бір әрекеттерді жасамауға міндетті [5].

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Қазақстан Республикасының Президентіне бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылатын, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі атқарылған жұмыстың нәтижелері туралы баяндаманы ұсынады.

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл өз құзыреті шегінде: кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштерін қарайды, кәсіпкерлік субъектілеріне олардың өтініштерінің уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жіберілгені туралы ақпарат береді; кәсіпкерлік субъектілеріне олардың өтініштерін қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы ақпарат береді.

Қазақстандық бизнес – омбудсмен күнтізбелік он күн ішінде кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштерін заңнамада белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды, оларға сәйкес келмеген жағдайда өтінішті қарамайды, бұл туралы өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің атына келіп түскен өтініш берушілердің өтініштері күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады.

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің атына келіп түскен өтініштерді қарау мерзімі қажет болған кезде өтініш берушіге атқарылатын жұмыс туралы міндетті түрде ақпарат беріле отырып ұзартылады. Қарау қорытындылары бойынша өтініш берушіге Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің құзыреті шеңберінде өтініштің мәні бойынша жауап беріледі. Өтініштерді қарау мерзімдерін ұзарту, уәкілетті мемлекеттік органдарға және ұйымдарға жіберу, өтініш берушілерге өтініштердің қаралу барысы туралы ақпарат беру тәртібін Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл белгілейді.

Қазақстандық бизнес – омбудсменің әрекет етіп жатқанына аз уақыт болғанымен де, ол өзінің тиімділігін арттыруда және көрсетуде. Қазіргі таңда тәжірибеге сүйенер болсақ, бизнес – омбудсмен аппараты өтініштерді қабылдау бойынша, қоғамдық және заңдық сараптамалар жүргізу жұмыстарын, аймақтардың министрліктермен жұмыстарын жетілдіру бойынша шараларды жүзеге асыруда. Болашақта жұмыстары кәсіпкерлік субъектілерінің шағымдарына ғана жауап беру ғана емес, сонымен қатар толығымен ортаны қалыптастыру болып табылады. Қазірдің өзінде қылмыстық және қылмыстық процестік заңнамаларды ізгілендіру туралы ұсыныстар енгізіліп отыр.

Сонымен қатар, аймақтардағы Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің өкілдерінің есептеріне сүйенер болсақ, шешімін тапқан және шешілу барысындағы кәсіпкерлердің даулы мәселелері жеткілікті. Мысал келтіретін болсақ, Қызылорда облысында Кәсіпкерлер палатасында және аудандық филиалдарда бизнес мәселелеріне уақытылы жауап қайтару мақсатында «прокурор кабинеті» ашылған, ол жерде қадағалау органдарының өкілдері кәсіпкерлерді қабылдауды жүзеге асырады. Солтүстік Қазақстан облысында «ізін суытпай» бірқатар мәселелер шешімін тапқан. Мысалы, «Голованов» ШҚ өтініші бойынша қаралаған мәселе, ол жерде ауылдық округке тиесілі жерлерден жалға жер учаскелерін беру туралы қозғалған. Мәселе оң шешімін тапты, жер учаскелерін беру туралы барлық 5 қауалға қол қойылған [6].

Қорытындылай келе, заңдылықты және кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жүзеге асыруда, аталған ережелерді сақтау барысында бизнес – омбудсменнің алатын орны және алу керек орны сөзсіз маңызды болып табылады. Қарастырылып отырған институт кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау құралдарының маңыздыларының бірі болып табылады, сондықтан осы сипатта ол өздерін демократиялық мемлекеттердің қатарына жатқызатын бір де бір мемлекет үшін артық болып саналмауы керек деген түйін жасаймыз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Башимов М. Институт омбудсмана и судебная власть // Тураби. - 2001. - № 3. – С. 90-94.
2. Башимов М. Институт омбудсмана как инструмент защиты прав и свобод человека // Вестник КазНУ. Серия МО и МП. – 2013. – № 1(7). – С. 105-111.
3. Бойцова В.В. Народный правозащитник: статус и функционирование. - Тверь, 1994. - 252 с.
4. Большой юридический словарь. 3-е изд., доп.и перераб. /Под ред. проф. А.Я.Сухарева.- М.:ИНФРА-М, 2008.-VI. – 858 с.
5. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 2015 жыл 29 қазан № 375-V // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>
6. Палымбетов Б. Предприниматели в регионах должны чувствовать нашу поддержку//<http://www.ombudsmanbiz.kz/rus/press-centr/news/?cid=0&rid=140>